



01.09.2023 № 511-1827

№ 2023 жылғы 29 тамыздағы
№ 69/8-VIII

**Астана қаласының кейбір
құрамдас бөліктеріне атау беру
және қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 14-1-бабының 2-тармағына, «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Мыналарға:

Астана қаласы «Алматы» ауданы бойынша:

жобалық атауы А30 көшеге – Оралхан Бөкей көшесі;

жобалық атауы А40 көшеге – Сырбай Мәуленов көшесі;

жобалық атауы А564 көшеге – Әмен Қайдаров көшесі;

жобалық атауы № 101 көшеге – Бұйрат көшесі;

жобалық атауы А139 көшеге – Ақтекше көшесі;

жобалық атауы А184 көшеге – Кеңдірлі көшесі;

жобалық атауы А185 көшеге – Кеңсаз көшесі;

жобалық атауы А187 көшеге – Қарашығанақ көшесі;

жобалық атауы А206 көшеге – Қимасар көшесі;

жобалық атауы А207 көшеге – Қойтас көшесі;

жобалық атауы А208 көшеге – Тасөткел көшесі;

жобалық атауы А344 көшеге – Маймекен көшесі;

Астана қаласы «Байқоңыр» ауданы бойынша:

Егемен Қазақстан газеті көшесінің бойында орналасқан атаусыз саябаққа «Журналистер саябағы»;

Астана қаласы «Есіл» ауданы бойынша:

жобалық атауы № 28/1 көшеге – Анадолу көшесі;

жобалық атауы № 29/1 көше мен Түркістан көшесінен басталып, Ұлы Дала даңғылында аяқталатын атаусыз көшеге – Нұрлан Балғымбаев көшесі;

Астана қаласы «Нұра» ауданы бойынша:

жобалық атауы Е108 көшеге – Шандор Петөфи көшесі;

жобалық атауы Е13 көшеге – Нәзір Төрекұлұлы көшесі;

жобалық атауы Е29 көшеге – Тәттімбет көшесі;

жобалық атауы Е33 көшеге – Қорқыт ата көшесі деп атау берілсін.

2. Мыналар:

Астана қаласы «Алматы», «Байқоңыр» аудандары бойынша:

Әл-Фараби даңғылы – Ақжол даңғылы;

Астана қаласы «Алматы» ауданы бойынша:

Нәзір Төрекұлұлы көшесі – Айбас көшесі;

Гейдар Әлиев көшесі – Мұзафар Әлімбаев көшесі;

Астана қаласы «Есіл» ауданы бойынша:

Сәбит Мұқанов көшесі – Шұбартау көшесі деп қайта аталсын.

3. Осы бірлескен Астана қаласы әкімдігінің қаулысы және Астана қаласы мәслихатының шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Республикалық ономастикалық комиссияның қарауына енгізілсін.

Астана қаласының әкімі


Ж. Қасымбек

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы


Е. Каналимов

Астана қаласы
әкімінің орынбасары


Е. Байкен

«Астана қаласы
әкімінің аппараты» мемлекеттік
мекемесі мемлекеттік-құқықтық
бөлімінің басшысы


Т. Мусин

«Астана қаласының Тілдерді
дамыту және архив ісі басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы



С. Есіркеп